

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 сәуірдегі N 397 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

1-бап. "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 ж. 1 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 7, 225-құжат; N 20, 731-құжат; N 21, 783-құжат; N 23, 916, 928, 930-құжат; 2000 ж. N 21, 395-құжат; 2001 ж. N 1, 6-құжат; N 10, 123-құжат; N 23, 310-құжат; 2002 ж., N 18, 160-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

9-баптың 3-тармағында "ұлттық валютаның бөлінген кезіндегі ресми айырбас бағамы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен валюта айырбасының бөлінген кезіндегі рыноктық бағамы" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

11-баптың 1-тармағы б) тармақшасының он төртінші абзацы алынып тасталсын;

1 2 - б а п т а :

"тұрғын үй бағдарламасы" 1-тармағының он екінші абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"тұрғын үй көмегін көрсетуді;

мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыруды;

заң актілеріне сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қ а м т а м а с ы з е т у д і ;

мемлекеттік мұқтаждар үшін тұрғын үйлер мен жер учаскелерін босатуды;"

4-тармақта "ұлттық валютаның бөлінген кезіндегі ресми айырбас бағамы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен валюта айырбасының бөлінген кезіндегі рыноктық бағамы" деген сөздермен ауыстырылсын;

16-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы екінші абзацпен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Бірінші оқылымда республикалық бюджеттің түсімдерінің, шығыстарының және тапшылығының (профицитінің) жалпы көлемдері бекітіледі. Екінші оқылымда республикалық бюджет баптар бойынша бекітіледі.";

2 4 - 1 б а п т а :

1-1-тармақтың екінші абзацының бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Олардың бекітілген көлемінен асып түсетін шикізат секторы ұйымдарынан республикалық бюджетке түсетін түсімдердің бір бөлігін және республикалық меншіктегі кен өндіруші және өңдеуші салаларға жататын мемлекеттік меншікті жекешелендіруден түсетін қаражатты Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аударады."

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті